

ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ СИ ЦЗИНЬПИНМЕН КЕЗДЕСТІ

Мемлекет басшысы Қытай Халық Республикасының Төрағасына «Бір белдеу, бір жол» форумына шақырғаны үшін алғыс айтып, іс-шараның жаксы ұйымдастырылғанын атап өтті.

– Форум бүкіл дүние жүзі бойынша быылғы ең басты оқиғаның біріне айналды деп ойлаймын. Бүгінгі форумның ашылуында сөйлеген сөзіңіз мазмұнды болды, ол елдер арасындағы ынтымақтастықтың көп сауалына жауап берді. «Бір белдеу, бір жол» – жаңа парадигма, жаңа деңгейдегі ынтымақтастық жүйесі, – деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев «Бір белдеу, бір жол» идеясының өңірлік деңгейдегі ынтымақтастықтың ғана емес, сонымен бірге түрлі құрлық елдері арасындағы өзара іс-қимылдың көрінісі екенін атап өтті. – Бұл белдеу жер шары тұрғындарының 45 пайызын құрайтын 60-тан астам елді қамтып отыр. Қазақстан мен Қытай Халық Республикасы арасындағы екіжақты және көпжақты ынтымақтастық үлгі аларлықтай болды. Басқа елдер бізден үйрене алады, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті екі мемлекет арасындағы ынтымақтастықтың қарқынды дамып келе жатқанын атап өтіп, оның бұдан да жоғары деңгейде нығая түсетініне сенім білдірді. Сонымен қатар, тараптар өңірлік қауіпсіздік пен киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін, сондай-ақ күн тәртібіндегі өзекті халықаралық мәселелерді талқылады.

16

МАМАҮР СЕЙСЕНБІ

2017 ЖЫЛ

№71 (19357)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ


www.syrboyi.kz

Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады



«БІР БЕЛДЕУ, БІР ЖОЛ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМЫ



Форум аясында өткен «Тығыз ынтымақтастыққа арналған саяси бірлескен қызмет» атты «дөңселек үстел» жиынына қатысушылар алдында сөз сөйлеген Мемлекет басшысы Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің Еуразияда ежелгі Жібек жолын жаңа, заманауи форматта қайта жандандыру идеясы әлемде белең алып келе жатқан саяси, экономикалық және гуманитарлық дағдарыстарға берілген уақытылы жауап екенін атап өтті.

– Патернализм мен саяси астары бар санкцияларды қолдану шаралары миллиондаған адамдардың экономикалық белсенділігін төмендетіп, өмір сүру деңгейіне әсер етті. Соның нәтижесінде, соңғы жылдары әлемдік экономика мен саудада босандық пен құлдырау байқала бастады. Осындай жағдайда халықаралық кооперацияны ынталандыру үшін әлем жаңа жетекші күштің қажеттілігін өткір сезінуде, – деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев «Бір белдеу, бір жол» бастамасы жаңа геэкономикалық парадигма қалыптастыруға мүмкіндік беретінін атап өтті. Оның табысты іске асуы, жинақтап алғанда, 4,4 млрд тұрғынды қамтитын елдерге пайда әкеледі.

Мемлекет басшысы «Бір белдеу, бір жол» өңірлік кооперациясының жаңа моделінің мықты тұстарына ерекше тоқталды.

– «Бірлесе даму арқылы тұрақтылыққа қол жеткізу» ұстанымы бүгінде ондаған елдің экономикалық мүддесіне сай келетін халықаралық ынтымақтастықтың тартымды формасы болып саналады. Осыған орай, Жібек жолының

нақты сұлбасы көріне бастаған қазіргі кезде бұл макроөңірлік кооперацияның бірлескен стратегиялық үйлесімі қажет. Сондай-ақ, Жібек жолы бастамасын іске асыру тұтас бір өңірлерді, соның ішінде Орталық Азияны жаһандық контексте жаңа тұрпатта танытуға мүмкіндік береді, – деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев Орталық Азия әлемнің ең ірі нарықтары арасындағы басты дәнекерге айналып, қайтадан стратегиялық маңызға ие болғанын атап өтті.

Сонымен қатар, Қазақстан Президенті Еуразиялық экономикалық одақтың осы процесітегі маңызды рөліне тоқталды.

– «Үлкен Еуразияның» біртұтас экономикалық кеңістігін құру идеясы жаңа мәнге ие болуда. Жібек жолының экономикалық белдеуі Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Еуразиялық экономикалық одақ және Еуропалық одақ платформаларын өркендеудің біртұтас өңірлік аумағына ұтымды түрде тоғыстыра алады, – деді Мемлекет басшысы.

Нұрсұлтан Назарбаев «Бір белдеу, бір жол» бастамасын іске асыру жөнінде бірқатар нақты ұсыныстарын білдірді.

– Жібек жолы экономикалық белдеуінің транзиттік әлеуетін тиімді игеру үшін қызмет көрсету деңгейін жақсартып, әкімшілік кедергілерді жою арқылы тауар ағынын өткізуді бірте-бірте жеңілдету қажет. Қазақстан бұл мәселе бойынша нақты шаралар қабылдауда. Ол сараптама мен тиісті қаржыландыруды талап етеді. Азия инфрақұрылымдық инвестици-

ялар банкі осындай бағдарламаларды белсенді түрде қаржыландыру керек деп есептеймін. Бұл – болашаққа арналған инвестиция, – деді Қазақстан Президенті.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы жаңа Жібек жолы бойында орналасқан елдердің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатымен ауыл шаруашылығы кооперациясын дамытудың маңыздылығын атап өтті.

Сондай-ақ, Нұрсұлтан Назарбаев инновациялық және ғылыми-техникалық даму саласындағы ынтымақтастықты тереңдетуді ұсынды.

– Жобаларды бірлесе қаржыландыру, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар мен технологиялар трансферті орталықтарын, инновациялық компанияларды, венчурлық қорларды құру мәселелерін қарастырып отыр. Осы орайда, қазақстандық ғалымдардың Жібек жолының Халықаралық ғылым академиясын құру жөніндегі ұсынысына назар аударғым келеді. Сонымен бірге, қоршаған ортаның, соның ішінде көлік артериялары бола алатын ішкі континентальды трансшекаралық өзендердің су ресурстарын тиімді басқару мәселесін де назардан тыс қалдырмаған жөн, – деді Қазақстан Президенті.

Сонында Мемлекет басшысы «Бір белдеу, бір жол» идеясын ойдайдай іске асыру үшін мүдделі елдер арасында өзара сенімнің орнығуы, олардың тең құқықтылыққа және жан-жақты ынтымақтастыққа дайын болуы маңызды екенін атап өтті.

ТӨСКЕЙДЕ ТҮЛЕГЕН ТӨРТ ТҮЛІК

Сенбі күні облыс әкімі Қырымбек Көшербаев пен ҚР вице-премьері – Ауыл шаруашылығы министрі Асқар Мұразаметов Жаңақорған, Шиеді аудандарында жұмыс сапарымен болды. Мәртебелі меймандар бірқатар ауыл шаруашылығы құрылымдарын аралап, Жаңақорған ауданының орталығында Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Ақтөбе мен Батыс Қазақстан облыстарымен «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингінің мамандары, республиканың белгілі ғалымдары шақырылған «Мал шаруашылығын дамытудағы кооперацияның ролі туралы» аймақтық семинар-кеңеске қатысты. Сол күні кешке Жаңақорған ауданының тау бөктерінде «Үсен бауындағы» III облыстық малшылар слетінде болып, озаттарды марапаттады.

Қоғамдық формациялардың өзгерістеріне байланысты қазір нарықтық экономиканың үстемдігі етіп тұрғаны белгілі. Осы талапқа сай жалпы аймақтағы малдың 74 пайызы жеке шаруалар мен шаруа қожалықтарының үлесінде. Мал басын өсіру мен олардың бағымы, ветеринарлық күтімі мал иелерінің іскерлігі мен қабілетіне қарай жүзеге асырылады. Алайда, тұтынушыны сапалы ет-сүтпен қамтамасыз етудің де өз жауапкершілігі бар екендігі түсінікті. Осы орайда әрқайсысы өз ыңғайына қарай жұмыс ұйымдастыратын шаруашылықтар мен жеке қожалықтардың жұмысын үйлестіру қажеттігі туындайды. Өйткені, халықты мал өнімдерімен қамтамасыз ету мәселелерінің төмендігі және өзіндік түйткілдерінің орын аларлығы да анық. Міне, бес облыстың мал мамандары мен ғалымдардың, атқарушы орган басшылары қатысқан жиынында мал шаруашылығын замана талабына сай дамыту барысы сөз болды. Ірілендірілген ауылшаруашылық құрылымдары, кооперациялардың міндеттері зор екені аталған жиынның арқауына айналды. Сондықтан да ауыл шаруашылығы саласы, оның ішінде халқымыздың атақесібі саналатын мал шаруашылығын дамытуға Үкімет баса назар аударды. Аталған семинар-кеңестің ашылуы барысындағы алғашқы сөз облыс әкімі Қ.Көшербаев аймағмыздағы мал шаруашылығының қазіргі

нақты жағдайына шолу жасады.

ҚР вице-премьері – Ауыл шаруашылығы министрі Асқар Мұразаметов мемлекеттік бағдарламалар аясында іске асырылып жатқан ауыл шаруашылығын қолдау шаралары туралы кеңінен оңтүстік Қазақстан облысындағы «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингінің мамандары, республиканың белгілі ғалымдары шақырылған «Мал шаруашылығын дамытудағы кооперацияның ролі туралы» аймақтық семинар-кеңеске қатысты. Сол күні кешке Жаңақорған ауданының тау бөктерінде «Үсен бауындағы» III облыстық малшылар слетінде болып, озаттарды марапаттады.

– Мәселен, Қызылорда облысында 35 ірілендірілген кооперация құру тапсырмасы бола тұра, оның нақты кезеңде саны облыста 18-ден артапай тұр. Сондай-ақ, осы аймақта 31 мал сою пункті қажет болса, олардың саны әзірге тек 6-ау ғана. Сүт қабылдау қоймаларында заманауи қондырғылардың да болмауы іске кедергі, – деді ол.



Сонан соң «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ басқарма төрағасы Жанлор Омаров нақты кезеңде «Ынтымақ», «Береке» бағдарламаларының ауыл шаруашылығы құрылымдарын қаржылай қолдауға ықпал ететінін жеткізді. Тек, тиісті құжаттарды рәсімдеуде мамандардың білгірлігі мен ізденімпаздығы, әжіл қимылы қажет. Мына нарық заманында қол жеткен табысқа тоқмелісіп, жайбарақат жүру – іргелі істің өркендеуіне көп кедергі. Семинар-кеңес барысында жергілікті кооперация басшылары да өз тәжірибелерімен бөлісіп, ұсыныстарын ортаға салды. Мәселен, «Шиеді төрт түлігі» АӨК төрағасы Сабир Ермашанов және «Миялы» АӨК төрағасы Абдулла Әбсаттаров хабарлама жасады.

Республиканың 5 облысынан өкілдер келген семинар-кеңестің өткізілуі Қызылорда облысында соңғы 3 жылдан бері дәстүрге айналған облыстық малшылар слетінің ұйымдастырылуымен түспа-түс келіп, бір-бірін толықтырды десек, артық емес.

– Қазір Иран, Қытай, Еуропа, Ресей елдері Қазақстанда өнді-

рілетін табиғи өнімдерге үлкен қызығушылық танытып, агросекторға инвестиция салуға, өндірілген ауылшаруашылық өнімдерді сатып алуға дайын екенін білдіріп отыр. Осыған сәйкес быылғы жылдың өзінде облыс аумағынан 100 тонна мүйізді ірі қара етін және 25 тонна қой етін экспортқа шығаруды жоспарлап отыр. Бүгінде Иранға қойды тірдей экспорттауға қызығушылық білдірген бірнеше ирандық компанияның басшылары біздің шақыруымызбен облыста болып, мал және ет сатып алу жөнінде келіссөздер жүргізілуде. Осы бағытта «Сыр маржаны» және «Шпаған жер» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінің 6000 басқа арналған жаңа заманауи мал бордақылау алаңдары экспортқа шығаратын ірі қара етін өндіретін болады. Сонымен қатар, Сырдария ауданында «Абай-Дәулет» серіктестігі 10 мың бас қой бордақылау алаңы мен жылына 250 тонна қозы етін өндіретін кешеннің құрылысын аяқтап, жұмысын бастады, – деді аймақ басшысы.

2-бет



МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫҢ ЗАМАНАУИ ЖҮЙЕСІ



Облыс әкімінің бастамасымен мемлекеттік қызметтің беделін арттыру мақсатында «Дамыған 30 елдің қатарына қосылуға жастардың ролі» тақырыбында аймақтық жас мемлекеттік қызметшілер форумы өтті. Шараға облыс әкімі Қырымбек Көшербаев, ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің аппарат басшысы Саян Қылышұлы және облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов қатысты.

Жиында ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департамент басшысы Абзал Мұхимов жүргізіп отырды.

Республика бойынша алғаш рет ұйымдастырылып отырған форумда Қызылорда, ОҚО, Жамбыл және Ақтөбе облысынан келген 29 жасқа дейінгі делегаттар бас қосты. Ашылу салтанатында сөз алған облыс әкімі жиынның маңыздылығына тоқталып, мемлекеттік органдар қызметіндегі жобалық басқарудың маңыздылығын атап өтті.

– Аймақтық жас мемлекеттік қызметшілер слетінің республикамыздың тұңғыш астанасы болған Ақмешітте өтіп жатқанына қуаныштымыз. Бүгінгі шараның өтуіне қолдау көрсеткен ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мен оның төрағасы Қайрат Қожамжаровқа ризашылығымызды білдіреміз. Өзіне, қай кезеңде де қоғамның қозғаушы күші – жастар. Сондықтан, Мемлекет басшысы көсібі мемлекеттік аппараттың қалыптасуында жастарға ерекше үміт артады. Сіздерге мемлекеттік қызмет саласында жаңашыл да заманауи, белсенді болыңыздар деймін. Сол кезде ғана барлығына қол жеткізе аласыздар. Қазіргі таңда еліміздің бүкіл мемлекеттік аппараты нарықтық экономика жағдайында жұмыс жасайды. Нарықтық экономика – өте қатан жүйе. Ол құр жүргендер мен материалдық игіліктер жасамайтын тұлғаларды шеттетеді. Нарықтық жағдайда тұрақты даму үшін біз мемлекеттік басқару жүйесіне заманауи тәсілдер қолдануымыз қажет. Осындай тиімді тәсілдердің бірі ретінде мемлекеттік органдар қызметіне жобалық басқару тәжірибесін енгізу қажет. Жобалық басқарудың әлеуеті зор және бірқатар артықшылықтары бар. Бұл тәжірибе біздің ресейлік әріптестерімізге мемлекетте билік органдары қызметінің тиімділігін айтарлықтай арттыруда, сондай-ақ экономикалық басқарушылық тұрғыда оң әсерін беруде, – деді аймақ басшысы.

Ресейде осыған дейін бұл тәжірибенің тиімділігі айтылған еді. Мәселен, Белград облысында жобалық басқару оң әсерін беруде. Облыстан делегация арнайы

барып, аталған өңірдің тәжірибесін зерттеген болатын. Негізінен жобалық басқару бақылау, ынталандыру және тиімділік сияқты үш бағыттан тұрады. Осындай озық тәжірибенің арқасында бұл аймақтың экономикалық әлеуеті соңғы 7 жылда едәуір жақсарған. Бүгінде Президент Әкімшілігінің келісімімен Қызылорда облысы әкімдігі қызметіне жобалық басқару тәжірибесін енгізу бойынша жұмыстар басталды.

Басқосуда Саян Қылышұлы облыс әкімі мен барлық қатысушыларға Қайрат Қожамжаровтың атынан алғыс білдіріп, мемлекеттік қызметтің тиімділігіне тоқталды. – Бүгінгі қасиетті Сыр еліне келген сапарымыз да мемлекеттік қызметтің тиімділігіне осы өңірде атқарылған жұмыстардан анық көз жеткізіп отырмын. Сондықтан осындай ілімді істер басқа да аймақтарға үлгі болады деп есептеймін, бүгінде еліміз дамыған 50 елдің қатарына еніп отыр. Ал ең озық 30 елдің қатарына кіруге жастардың алар орны ерекше. Сондықтан, осындай жиындар мемлекеттік қызметтегі атқарылатын жұмыстардың сапалы болуына өз әсерін тигізеді деп есептеймін, – деді С.Қылышұлы.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі аппарат басшысының айтуынша, елімізде әрбір төртінші азамат жас буын өкілі болып табылады. Сондықтан, жас мемлекеттік қызметкерлердің белсенді азаматтық ұстанымдарын қалыптастыруда бүгінгі басқосудың маңызы жоғары. Жиында бірқатар аймақтан келген делегация мүшелері өздерін толандырыған мәселелерді ортаға салып, тәжірибе алмасты. Ал ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департамент басшысы Абзал Мұхимов қатысушыларға мемлекеттік қызметтің жаңарып келе жатқанын жеткізіп, департаменттің аймақта атқарып жатқан жұмысына тоқталды.

2-бет

СЫННЫҢ СЫРЛЫ САРДАРЫ

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаев жазушы, әдебиет сыншысы Бақыт Сарбалаевты қабылдады. Қарымды қаламгерді 70 жасқа толған мерейі мерекесімен құттықтап, құрмет көрсетті.

– «Әдебиет – ардың ісі» деген керемет сөз бар. Осы ұғымды ту ете отырып, әдебиет сыншысы болу оңай емес. Ол үшін шығарма авторының деңгейінен асып түсу қажет. Сын – әдебиеттің биік белесі әрі мәңгілік мұнарасы деп айтылатыны сондықтан болса керек. Осындай сын шығармашылығы көкжиегін қалыптастырушылардың ізін жалғап, жүгін көтеріп жүрген әдебиетшілердің бірі – Бақыт Тұрсынұлы. Сыр халқы қарымды қаламгерін қашан да мақтан тұтады, – деді аймақ басшысы.

Бақыт Сарбалаев Жаңақорған ауданы, Жайылма ауылында дүниеге келген. Қызылорда қаласындағы Н.Гоголь атындағы педагогикалық институттың филология факультетінде білім алып, еңбек жолын мектепте мұғалім қызметінен бастаған. Одан кейін «Ильич жолы», «Қазақстан мұғалімі», «Жас Алаш» газеттерінде журналист және Қазақ КСР Мәдениет министрлігінің репертуарлық-редакциялық коллегиясында аға редактор болып қызмет атқарды. Сондай-ақ, «Қазақ әдебиеті», «Ана тілі», «Қазақ елі» газеттерінде түрлі лауазымдарда жүріп, сын бөлімін басқарды. Қазіргі таңда «Сын» журналында бас редакторы әрі Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы.

Кездесу барысында белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы Құлбек Ергөбек қаламгердің шығармашылығы жайында пікірін білдіріп, лебізін жеткізді. Сондай-ақ, аймақ басшысы мерейтой несіні облыстың «Құрмет» грамотасымен марапаттап, иығына шапан жапты.

Мәди ҚҰРМАНӘЛІ.
Бағдат ЕСЖАНОВ (сурет).



ТӨСКЕЙДЕ ТҮЛЕГЕН ТӨРТ ТҮЛІК



Дала төсі мен ен жайлауда тынымсыз еңбек ететін малшылар қауымы Асқар Мырзахметовтің құттықтауы мен республикалық ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының төрағасы Әубәкір Сүлейменовтің лебізінен өздеріне деген құрмет пен сенімнің бар екенін сезініп, үлкен серпіліс алды. Облыс әкімі мал шаруашылығының озаттарын «Алғыс хаттармен» марапаттап, бағалы сыйлықтар тапсыра, озаттар мәртебелі меймандар қолынан ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің Құрмет грамотасын алды. Арнайы құттықтау мен бағалы сыйлықтарға аймақтағы 30 озат малшы не болып, қуанышка бөленді.

Малшылар слетінің соңынан мерекелік концерт қойылып, онда республикаға белгілі өнер салпақтары ән-биден шауып шашты. Жерлесіміз Лена Әбдіқалықованың күміс көмейінен тегіткен ән еңбекшіл қауымды серпілтіп, Шара барысында ұлттық спорттық ойындар ұйымдас-тырылды. Ақ шаңқан киіз тыйырды, қонақжайлық лебі есті.

Сыр өңірінің өңтүстік аудандарына жұмыс сапары барысында Асқар Мырзахметов пен Қырымбек Көңірбаев Жаңақорған ауданы Қожакент ауылындағы «Мияль»

ауыл шаруашылығы кооперативінің жұмысымен танысып, оның төрағасы Абдулла Әбсаттаровтың ұсыныс-пікірлеріне назар аударды. Кейбір мәселелерді Ауыл шаруашылығы министрі сол сәтте шешіп, шаруалардың ризалығына бөленгенін де айтқан жөн болар. Биліктің қарапайым халыққа деген жанауырлығы мен жақындауы жылы қабылданды. «Мияль» су ауыл шаруашылығы кооперативі – бұл күндері 54 жеке қосалқы шаруашылықты біріктірген, мал бордақылау алаңының жұмысын табысты жүргізіп отырған ет өндіруде өзіндік орны бар құрылым. Мұнан соң қонақтар Бесарық ауылдық округіндегі қызанақ ету және томат пастасын шығаруға бағытталған «Тату агро» шаруа

қожалығының егіс алқабындағы жұмыстарымен танысты. Шіелі ауданындағы үрмелі су тоспа-сына барып, облыстың су шаруа-шылығы мәселелерімен танысып, су шаруашылығы саласының ардагерлерімен кездесті. Жергі-лікті мамандар мен аудан әкім-шілігінің ұсынысына сай жуырда Үкіметте жобасы қаралған Шіелі ауданындағы «Күміскеткен» су қоймасы туралы айтты. Өлгіндей су құрылыстарының қолға алы-нуына биылғы көктемде Сырда-ры арнасындағы су деңгейі соң-ғы жарты ғасырдағы ең жоғары көрсеткішке көтеріліпті себеп болған еді.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Жаңақорған, Шіелі аудандары.



МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫҢ ЗАМАНАУИ ЖҮЙЕСІ

Мемлекеттік қызметтің әлем-дегі өзгерістерге сай жанаруы қызметкерлерден үлкен жауапкер-шілікті талап етеді. Ең алғаш 1995 жылдың 26 желтоқсанда мемлекеттік қызметтің жүйелі ұйымдастырылуы жайында Елбасының Жарлығы шыққан бо-латын. Бұл заңнама мемлекеттік қызметкерлердің мәртебесі мен санатын бекітуде және еңбек-ақы төлеудің бірыңғай саяса-тын жүргізуге мүмкіндік берді. Аталған құжат Тәуелсіз Қазақ-стан тарихындағы мемлекеттік қызметтің негізін қалау жолын-дағы тарихи маңызы бар сая-си құжат болатын. Сондай-ақ, маңызды құжатта көрсетілен міндеттерді жүйелі ұйым-дастыру 1998 жылы құрылған ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне жүктелді.

А.Мұхимовтың айтуынша, мемлекеттік қызметкерлерге қойылатын талап-тың жоғарылауына байланысты жарияланған конкурстарға қатысуға ниет білдірушілер саны азайған. Бірақ сіміз осы межеден көрін-ген азаматтарға әлеуметтік, мәдени және экономикалық қабілетін шыңдауда барлық жағдай жасауды қолға алып отыр. Ал өз идеяла-рының жаңа бастамаларға ұмтылуда жастардың құшшынысы жақсы. Бүгінде мемлекеттік қыз-метке тұруға ынталы жастардың ба-сым көпшілігі заңнамаларды білуге арналған тестілеуден сүрінуде. Облыс



бойынша тестілеуге қатысқандардың 40 пайызға жуығы шекті мәннен төмен нәтижеге қол жеткізген. Аталған көрсеткішті жоғарылату мақсатында агенттіктің тапсырмасымен арнайы сайт ашылып, онда тестілеуге қатысты барлық сұрақтар енгізілді. Сондай-ақ, өз білімін сы-нап көрушілерге қосымша онлайн тестілеу ай-дары жұмыс жасайды. Мұнда тек облыс ғана емес республикамыздың кез келген аймақ тұр-ғыны тест тапсыра алады. Сондай-ақ, аталған агенттіктің облыс бойынша департаменті ауыл шаруашылығы мен техника және қажетті басқа да тапшы мамандық иелерін қатарға қосу

үшін 1-наурыздан бастап, «Об-лыс көлемінде тұңғыш рет «Жас-стар қалдырғы резерві» жоба-сын жүзеге асыруды қолға алды. Бұл бірнеше жылдың көлемінде жұмысын тоқтатқан жоба еді. Осыған дейін ол 2007-2008 және 2011-2012 жылдары жүзеге асырылған болатын. «Нұр Отан» партиясымен бірлесіп жасалған бұл жобаға облыс әкімдігі қолдау көрсетіп отыр. Оған аймақтың ең шеткі ауылдарынан келген 200 үміткер қатысты. Ресми тестілеу кезінде қатысушылардың басым көпшілігі шекті мәннен жоғары нәтижеге қол жеткізді.

Сонғы жылдары облыста басшылық лауазымдағы жас мемлекеттік қызметкерлер саны артып келеді. Қазіргі таңда аймақта 30 жасқа толмаған 25 мемлекеттік қызметкер бөлім басшылығынан бастап, басқарма басшылығында қажырлы ең-бек етуде. Жалпы, Сыр еліндегі мемлекеттік қызметкерлердің 20 пайызға жуығын 30 жасқа толмаған азаматтар құрап отыр. Осының өзі – жастардың сапалы жұмыс жасауына мемлекет тарапынан үлкен қолдау көрсетіліп жатқанының айқын дәлелі. Жыын соңында 4 облыстан кел-ген делегация мүшелері ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің аппарат басшысына бірқатар сауалдарын жолдады.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ.

● МӘЖІЛІС

ҰБТ – БІЛІМ БЕЗБЕНІ

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көнербаевтың төрағалығымен аппараттық мәжіліс өтіп, күн тәртібінде үш мәселе қаралды. Селекторлық ре-жимде өткен мәжіліске аудан әкімдері де қатысты. Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша, яғни, 2017 жылы өтетін Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындық ба-рысы және оқушылардың жазғы тынығу демалысын ұйымдастыру бойынша облыстық білім басқармасының басшысы Б.Сайлыбаевтың хабарламасы тыңдалды.

Белгілі болғанындай, ағымдағы жылғы талап негізінде қорытынды аттестаттау мен ҰБТ-ның жаңа форматы бойынша ерекшеліктер енгізілген. Яғни, мектеп бітірушілер орта білімі туралы аттестат алу үшін мектеп базасында қорытынды аттестаттаумен өтеді. Одан кейін жоғары оқу орындарында оқимын деген түлектер ҰБТ-ға қатысады.

Қорытынды аттестаттауда бітірушілер 5 пәннен ем-тихан тапсырады. Оның 4-і міндетті ана тілі, екінші тіл (орыс мектебі – қазақ тілін, қазақ мектебі – орыс тілінен тапсырады), алгебра және анализ бастамалары, Қазақстан тарихы және оқыту бейнін ескеріп отырып, бір таңдау пәні бойынша тапсырады. Екінші кезекте жоғары оқу ор-нына түсу мақсатында ҰБТ-ға қатысады.

ҰБТ форматы бойынша 120 сұрақ 5 пән бойынша, оның үшеуі міндетті және талапкердің жоғары оқу ор-нына тапсыратын мамандығына байланысты екеуі бейні бойынша қарастырылған.

Мектеп бітірушілері арасында кәсіби бағдар беру жұмыстары жүргізілуде. Бүгінгі күні отандық 13 универ-ситет бойынша түлектермен кездесіп, мағлұмат берілді. Сонымен қатар аймақ экономикасының дамуына қажетті мамандықтар бойынша Ресей Федерациясының іргелі жоғары оқу орындарына Сыр өңірінің түлектері төртінші жыл қатарынан оқуға түседі. Үстіміздегі жылы да сынақ емтиханы алынды. Оған 1407 түлек қатысты, – деді Б.Сайлыбаев.

Басқарма басшысының айтуынша, биылғы жылы об-лыс бойынша 6200 мектеп бітіруші бар. Оның 4202-сі ҰБТ-ға қатысуға өтініш берген. Облыстағы жыл бойы жұмыс жасайтын алты қосымша білім беру орталығынан мектеп бітірушілердің 91,8 пайызы ҰБТ-дан екіапталық дайындық курсынан өткен.

Облыста 9 тестілеу пункті жұмыс жасайды. Бүгінгі күні барлық тестілеу пункті талапқа сәйкес қажетті құрал-жабдықтармен жабдықталған. Сонымен бірге, ҰБТ өтетін пункттен 50 шақырым алыс қашықтықта тұратын бітірушілерді тестілеу басталғанға дейін бір күн бұрын та-сымалдау, олардың тамақтануына және жатын орындары үшін қажетті қаржы қаралған.

Откен жылы мектеп бітірушілердің 95 пайызы ЖОО мен колледждерге оқуға түсті. Биылғы мақсаттың түлектері 100 пайыз оқуға кәміт, – дейді облыстық білім басқармасының басшысы Б.Сайлыбаев.

Балалардың жазғы демалысы тиімді өтуін қамта-масыз ету, олардың жақсы тынығуын, сауықтырылуын ұйымдастыру – білім саласы қызметкерлерінің басты міндеті. Осы жылы облыс бойынша 1-10 сынып аралығындағы 135714 баладың 128960-ның жазда тынығуын қамтамасыз ету көзделуде. Ол барлық оқушының 95 пай-ызын құрайды.

Жазғы демалыс қала, аудан сыртындағы тоғыз лагерьде ұйымдастырылса, оның алтауы жыл бойы жұмыс жасайтын лагерь. Жазғы маусымда аталған ла-герьлерде барлығы 8742 бала демалу-сауықтырумен қамтылатын болады. Оның ішінде 4146 бала жазғына міндетті оқу қоры арқылы демалады. Бұл мақсатта бюд-жеттен 70 млн теңгеден астам қаржы қаралған. Соны-мен қатар, облыстан тыс аймақта орналасқан лагерьлерде мұнай компанияларының қолдауымен жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, көпбалалы, тұрмысы төмен, мүмкіндігі шектеулі отбасынан 13210 бала дема-латын болады.

Сондай-ақ, «ЭКСПО-2017» Халықаралық мамандан-дырылған көрмесіне 5549 оқушының баруы жоспарлан-са, оның 3169-ы жалпыға міндетті оқу қоры есебінен. Ал 2380 оқушы ата-ана есебінен саяхаттайтын болады.

Осы орайда облыс әкімі балалардың жазғы дема-лы-сын ұйымдастыруда тынығу лагерьлерінің санитарлық талапқа сай болуын, демалыс маусымында қандай да бір төтенше жағдайлардың орын алмауы үшін барынша

тиянақты жұмыс жасауды аудан әкімдері мен тиісті сала басшыларына қатаң түрде тапсырды.

Мәжілісте күн тәртібіндегі екінші мәселе, яғни, об-лыс елді мекендерінде санитарлық тазарту, көркейту және қоғалдандыру екі айлығының қорытындысы тура-лы облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалану-ды реттеу басқармасының басшысы Н.Жолдасбаев хабар-лама жасады.

Облыс әкімінің өкімімен жыл сайынғы қалыптасқан дәстүр бойынша ағымдағы жылдың 11 наурыз бен 10 мамыр аралығында санитарлық тазалау, көркейту және қоғалдандырудың көктемгі тазалық айлығы жүреді. Осыған сәйкес елді мекендерде жазпай сенбілік ұйымдастырылып, алта сайын 37 мыңнан астам адам күші мен 388 техника жұмылдырылды. Нәтижесінде полигондарға 72,8 мың текше метрден астам қоқыс, қалдықтар шығарылып, 270 шақырымға жуық арық пен аяқсу жолы тазаланып, 128 мыңнан астам ағаш көшеті отырғызылды.

Ағымдағы жылдың 1 сәуірінде облыстық басқарма, департамент, инспекция басшыларының қатысуымен «Көктемгі ағаш отырғызу» акциясы өткізілді. Акцияның мақсаты – өңіріміздің жасыл желекке, көркейген аймаққа айналуына өз үлесімізді қосу. Игілікті шараға 22900 адам күші жұмылдырылып, 30500 ағаш көшеті егілді. Сонымен қатар, 22 сәуірде «Бүкіл қазақстандық ағаш отырғызу» акциясы өткізілді. Дегенмен, екіайлық акция кезінде көшет егудің технологиясын сақталмай, аяқсу жеткізу, суғару мәселесі шешімін таппаған жағдайлар кездесті. Сондықтан, Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері егілген ағаштарды өз деңгейінде көктем өсуі үшін күтіп-баптау, суғару, екпелерді қаламшалармен толықтыра отырып, шығымдылығын 65 пайызға дейін жеткізу жөнінде шараларды жүзеге асыруға қажет деп санаймыз, – дей келе, Н.Жолдасбаев облыс елді мекендерінде санитарлық та-зарту, көркейту, қоғалдандыру екі айлығы тағы да екі айға ұзарғуды ұсынды.

Айта кету керек, «Мүлдем төзбеушілік» қағидасын қалыптастыру, бағытындағы «ҚР Өкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің тиісті баптары негізінде санитарлық тазалық, көркейту және қоғалдандыру та-лаптарын бұзғандар үшін жеке және заңды тұлғаларға өкімшілік шаралар қолданылауда. Жыл басынан жүргізілген профилактикалық шаралардың нәтижесінде жеке және заңды тұлғаларға 4594 өкімшілік шара қолданылып, 5 млн теңгеден астам айыппұл салынған. Маусымдық кезеңде облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы жанынан «WhasApp» мессенджерінде «ЭКО-патруль Қызылорда» жобасы іске қосылған. Оның мақсаты – заманауи техноло-гияны пайдалана отырып, аймақтың санитарлық тазалық жағдайына бақылау жасау және санитарлық талаптарға сәйкес келмейтін аймақтарды анықтау.

Облыс әкімі фейсбук желісінде аймақтың санитарлық ахуалына қатысты бір желі қолданушысының сыни пікірін мәжіліске қатысушыларға оқып беріп, оған жауап-тыларды сыңа алды және кент, ауыл, ауданның тазалығы сол жерді басқарып отырған басшының бет-бейнесін әйгілейтінін айта келе тазалық айлығын екі айға ұзарту жөніндегі ұсынысты қабылдайтынын жеткізді.

Өрбір азамат өзінің өмір сүріп отырған жерінің тазалығын сақтауға, оның көркейіп, қоғалданып, өз үлесін қосуға міндетті. Тұрғындарды санитарлық талап-тарды орындауда шақыруда өз дәрежесінде жұмыс жасай алмай келесіндер. Кез келген кенттің, ауылдың, ауданның тазалығынан сол жерді басқаратын әкімнің бет-бейнесін анағрауа болады. Тазалық жұмыстары тек маусымдық шара болып қалмауы керек, осы орайда тазалық айлығын тағы екі айға ұзарту жөніндегі ұсынысты қабылдаймын, – деп түйді облыс әкімі.

Мәжіліс соңында Қызылорда облыстық мәслихаты-ның кезекті сессиясының күн тәртібіне ұсынылатын мәселелер талқыланды.

Аппарат мәжілісін қорытындылаған облыс басшысы көтерілген мәселелерге қатысты өз орынбасарлары мен аудан әкімдеріне, тиісті сала басшыларына бірқатар тап-сырмалар жүктелді.

Айнур БАТТАЛОВА.

● ОҚЫС ОҚИҒА

МҰРЖА ҚҰЛАП, БІР АДАМ МЕРТ БОЛДЫ

14 мамыр күні 18 сағат 20 минутта Қызылорда жылу электр орталығының мұржасы құлап, екі адам зардап шекті. Техногенді төтенше жағдайдың жай-жапсары кеше өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте айтылды.

Бөлшектеп бұзу кезінде мұржа қосалқы мердігер «Ал-тын ЛТД» ЖШС-ның екі жұмысшысының үстіне құлап кеткен. «Оның біреуі бүгінде облыстық медпсихалық орталықта емделіп жатыр. Бір адам қайтыс болды. Ізестіру жұмысы тоғыз сағатқа созылып, ақырында марқұмның денесі үйінді астынан табылды», – деді облыстық төтенше жағдайлар департаментінің бөлім басшысы Бақыржан Тұрманов. Құтқару жұмыстарына де-партаменттен, сондай-ақ Өңтүстік өңірлік аэромобильді жедел-құтқару жасағынан мамандар мен техникалар жұмылдырылған.

Жылу электр орталығының директоры Бауыржан Мадрамовтың сөзіне қарағанда, құлаған бп қазандығы 2003 жылы жұмысын тоқтатқан. Демонтаж жұмысы

мердігер мекеме ретінде «АБК-Құрылыс» ЖШС-на жүктелген. Б.Мадрамов мердігердің бұл салада тәжіри-бесі бар екеніне сендірді.

«Алтын ЛТД» ЖШС-ның бригадирі Молдағали Олжақұлов оқыс оқиғаның қалай болғанын айтып берген. «Жұмыс әдеттегідей таңертең сағат 8-де бастал-ды. Жексенбі күні ешкім жоқта мұржаны құлатуды ұйғарғанбыз. Бәрі кешіре қарай оламаған жерден болды. Әйтпесе, қауіпсіздік шараларын сақтап, арнайы үлгіде киініп жұмыс істеп жүргенбіз», – деді М.Олжақұлов. Зар-дап шегуші Ресей Аікүловтың жағдайы дәрігерлердің бақылауында, серіктестік бригадирінің айтуынша, беті бері қарған. Ал қаза тапқан Тұрақ Бақановтың отбасына жергілікті әкімдік көмектестіретін мәлімдеді.

Қазіргі кезде аталған факт бойынша қылмыстық іс қозғалды, тергеу амалдары жүргізіліп жатыр.

Н.ҚАЗЫБАЙҚЫЗЫ.

Халықаралық Арал форумы қарсаңында

АРАЛ Өңірінің өзекті мәселелері талқыланады


Алдағы уақытта Қызылорда қаласында «Тұрақты дамудың Арал Халықаралық форумы» өтеді деп күтілуде. Аталған шараның мақсаты, онда көтерілетін мәселелер туралы газет тілшісі облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Нұрлыбек Қалжатайұлы Жолдасбаевтан айтып беруін өтініп еді.

– Форумның мақсаты – Арал өңіріндегі экологиялық және әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша баршаның таны-мын арттыру, тұрақты дамудың ғаламдық мақсаттарына сәйкес әлем жұртшылығының назарын оның өзекті мәселелеріне аудару болып табылады, – деді бізбен әңгімесінде Нұрлыбек Қалжатайұлы. – Сонымен бірге әлеуметтік-экономикалық, экологиялық, білім беру жобалары мен Арал теңізі бассейні бағдарламаларын табыс-ты іске асыру мақсатында елдер арасында мемлекеттік орган-дар мен халықаралық ұйымдар, бизнес-құрылымдар арасындағы іскерлік және әріптестік қатынастарды нығайту және одан әрі да-мыту форумда қаралатын өзекті мәселелер қатарына жатады.

Форум екі бөлімнен тұрады. Форумның бірінші бөлімі теориялық-әдістемелік және тұжырымдамалық болып табылады және Арал өңірінің ең өзекті мәселелері бойынша ақпараттық және ғылыми баяндамалардан, сондай-ақ басқа да әлемнің эко-логиялық аналогтары бойынша ақпараттардан тұрады. Онда орталық мемлекеттік органдар мен халықаралық ұйымдар басшыларының баяндамалары және көрнекті ғалымдар мен беделді ғылыми-зерттеу институттары ескертілген, бағдарла-маларының, жол карталарының тұсауы кесілетін болады.

Екінші бөлімде Орталық Азия аймағы мен Сырдария өзені бассейнінде, Арал өңірінде іске асырылған жобалар туралы ақпараттарды қамтиды. Арал теңізі мен іргелес аумақтарды қайта жандандыру бойынша жаңа қолданбалы жобалардың тұсауы кесіледі. Арал теңізі қайта жандандыру, биотүрлілігін сақтап қалу, қоғалдандыру және шөлейттенуден сақтау, жолдар және өндірістік нысандар салу, әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту және т.б. бойынша инвестициялар көздейтін меморандумдар мен келісім-шарттарға қол қойылатын болады.

Жалпы, форум алаңы ең алдымен, Арал теңізінің тұрақты дамуының өзекті мәселелерін, су ресурстарын бірлесіп пайдала-нуда мемлекетаралық келіспеушіліктердің алдын алуға, жаңа тех-



нологиялар негізінде болашағы зор идеялар мен көзқарастарды жалғатуды ықпал ететін болады.

Форумда Арал теңізінің экологиялық және әлеуметтік-эко-номикалық проблемаларымен қатар әлемнің басқа аймақтарының да өзекті мәселелері, оның ішінде өнеркәсіптік экология, жаяндық климаттың өзгеруі, кешенді су мәселелері, сондай-ақ қазіргі заманғы әлемде осы мәселелерді шешудің оң тәжірибелерін де талқылау қарастырылып отыр.

– Форумның ұйымдастырушылары және делегаттары тура-лы не айтасыз?

– Форумның басты ұйымдастырушылары – Қызылорда облысының әкімшілігі, «Астана» Халықаралық ғылыми кешені және Халықаралық Аралды Құтқару Қорының Қазақстан Республикасындағы Атқарушы Дирекциясы.

Форумның серіктес ұйымдастырушылары – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрілігі, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрілігі, Қазақстан Республика-сы Энергетика министрілігі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігінің География институты.

Форум жұмысына ҚР Орталық мемлекеттік атқарушы ор-гандар басшылары, Ресей Федерациясының, Америка Құрама

Штаттарының, Италия, Япония, Корея, Белоруссия, Иран мемле-кеттерінің дипломатиялық өкілдіктерінің басшылары және халықаралық ұйымдар өкілдіктерінің басшылары: БҰҰ, ОБСЕ, Дүниежүзілік Банк, Ислам даму Банкі, Қазақстандағы Еуропаның Қайта құру және Даму Банкі (ЕБРР), Қазақстандағы Германиялық халықаралық әріптестік жөніндегі қоғамы (GIZ), Халықаралық әріптестік жөніндегі Жапон агенттігі, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымдары қатысады деп күтілуде.

– Форумның қорытындысымен неге қол жеткізіледі?

– Арал теңізі өңірінің дамуына арналған инвестициялық және гранттық жобаларды жүзеге асыруға қажетті қаржылық қолдау және бизнес құрылымдардың қызығушылықтары артады деп күтілуде. Форум шеңберінде Арал өңірінің әлеуметтік-эконо-микалық және экологиялық мәселелерін шешуге бағытталған бірқатар Ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойы-латын болады.

Сонымен қатар Форум шеңберінде ҚР Ауыл шаруашылығы министрілігінің Орман шаруашылығы мен жануарлар дүниесі Қорының, ҚР-дағы Халықаралық Аралды құтқару қорының атқарушы дирекциясы, «Астана» Халықаралық ғылыми кешені, «Арал теңізінің шығыс жағалауы бойы және елді мекендерде «жасыл белдеу» жасау» Қазақстанның биоауантүрлілігін сақтау қорының арасында әріптестік туралы ниет-хаттамасына, «Аста-на» Халықаралық ғылыми кешені, ҚР Халықаралық Аралды құтқару қорының атқарушы дирекциясы, ҚР Ауыл шаруашылығы министрілігінің арасында «Жабайы аңдарды климаттық өзгеріс-терге бейімдеу Арал маңының орталығын құру» жобасы бойын-ша әріптестік туралы ниет-Хаттамасына қол қою көзделіп отыр.

Сондай-ақ, Қызылорда облысы әкімдігі, Халықаралық Ара-лды құтқару қорының атқарушы дирекциясы мен «Астана» Халықаралық ғылыми кешені арасында Қамыстыбас көліндегі «Арал» ғылыми-туристік орталығы жобасы бойынша және басқа да Арал маңының ғылыми-зерттеу және қолданбалы жоба-лары мен тұрақты даму бағдарламалары бойынша әріптестік тура-лы келісім-шартына қол қою көзделуде. Осының барлығы, сайып келгенде, Арал өңірінің ғаламдық проблемаларын кезең-кезеңмен шешудің маңызды шарты болып табылады.

Өңгімескен
Ж.Ә.ІМАХАН.



«Сыр – Алаштың анасы» деп дәріптелуінің дінгегі тереңде жатыр. Жер кіндігінен жеті қат көкке жол ашылған артықшылығын айтпағанның өзінде киелі топырақтан кім туылып, кім түлемеді? Басқаны былай қойғанда, ананың ақ сүті, бабаның ақ батасы, даланың дархан иісі қай қазақтың да қасиетіне қасиет қоспаса көңіл сарайын бір мысқал кеміте қойған жоқ. Әсілі, сырбаз Сырдың саркаты көң, мұнда шығармашылықтың шоқтығы бір төбе, шабытқа шоқ, жүрекке от сыйлап, көкірек көзін ашқан, таудай талап, бармақтай бақ берген әсерін «жыр елі» деп жалпы атауға жинап тұр.

Әдебиет деген – ұлы майдан. Бірақ қарулы емес. Тауып жазса – береке, таппай жазса – келеке. Мұны жалпы оқырман талқысы деп басып айтады.

Біздің буынның көркем әдебиетке деген құмарлығы ерекше болатын. Мектептің маңдайалды кітапханасын місе тұтпай, ауылдық деген аты бар кітапхананың дүниесіне құмарлау болды. Өйткені бала қиялы өсіп, ой әлемі ордасы көп кеңістікті шарлаған тұста кесек-кесек тұлғалардың кітабын оқыған ұнамды еді. Сексенінші жылдардың басында «Қызыл алма» әдеби-сын мақалалар жинағымен қауышуыма түрткі болғанына, сыныш Сарбалаевпен сырттай таныстырған ауылдық кітапхана екеніне әліге дейін қуанамын.

Өмір берсе, дәм бұйырса, мүмкіндік тисе, уақыттың сабақтастығы көп нәрсеге қол жеткізеді екен. Мен үшін сәтті кездерін сыныз аз болмағанын айтқаным лозим. Жан шұғағы жылытып, айқын шырағы адаспас жол көрсеткен жасық адамдар жолыққанымды, олардың өмір мектебіндегі орнын үнемі үлгі тұтамын. Әсіресе, әдебиет әлемі арқылы әсерге толы шақтардың шоқтығы бір бөлек. Бақыт ағамен үш арнада тоғысқан жолым бар. Алдымен, оның әдеби ортасын тапқан Алматыда мен жағары білім алсам, ал, түлеп ұшқан Н.В. Гоголь атындағы педагогика институтында ұстаздық еттім. Ол туып-өскен Жаңақорған ауданында қызмет ету мүмкіндігі тиді. Анығын айтқанда, көрнекті ақын ағамыз Шәкізат Әбдікәрімовтің арқасында жазушімен етене жақын танысуымның реті осы карт Қаратау

етегіне қоныс тепкен Жаңақорған жерінде туындады.

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, әдебиет сыншысы Бақыт Тұрсынұлы Сарбалаев биыл мамыражай мамырда қаламгерді туған жері – Сыр елі оқырмандарымен, руханият өкілдерімен жүзесуіне түрткі болып, Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Көшербаев арнайы шақырту жасап отыр. Бұл өз кезегінде шығармашылыққа қолдау, қаламгерге құрмет деп ойлаймын.

Ол 1947 жылы 18 мамырда Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, «Қызыл Жұлдыз» кеңшарының «Жайылма» ауылында дүниеге келді.



ІНІЛІК ІЗЕТ

Н.В.Гоголь атындағы педагогика институтын тәмамдағаннан кейін туған ауылындағы мектепте сабақ береді. Соған кейінгі уақытта Алматы облысындағы Іле аудандық «Ильич жолы» газетіне жұмысқа орналасады. Республикалық «Қазақстан мұғалымы», «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде, «Жалын» альманахында жемісті қызмет атқарады. Сол жемісті жылдары маңдай тер, мол мекенді Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты атандырады.

1982-1986 жылдары Қазақ КСР Мәдениет министрлігінің республикалық-редакциялық коллегиясында аға редактор болды. Ұлт басылым «Ана тілі» газеті бас редакторының орынбасары, халықаралық «Қазақ елі» газетінің, «Сын» журналының бас редакторы лауазымдарын атқарды. Оның Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Төрақа мүшесі, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы секілді қоғамдық қызметі де ел өркеніне үлкен үлес, септігі мол қолғабыс деп ойлаймын.

Қаламгер Бақыт Тұрсынұлының 1981 жылы «Қызыл алма» әдеби-сын мақалаларының жинағы жарық көрді. Мұнан соң «Ел мен Елбасы» атты кітаптары шықты. Жекелеген шығар-

малары орыс, өзбек, қырғыз, моңғол тілдеріне аударылды.

Бақыт ағаның шығармашылық әлеуеті әдебиет сыншысы ретінде биіктей түседі. Өрине, сын – үлкен тез, шығармашылықты ширатуға үйретеді. Ал, оған баруға рухани және білімі күшіне сенген, әдебиет әлемінде терең түсінік, сауатты талдау, тіл ерекшелігі, көркемдік кеңістігі бай қаламгер болуы керек. Сондықтан сынышы болуға екінің бірі дауаламайтын шыңдық. Солай бола тұрып, бекем бет бұрған Бақыт Тұрсынұлы өндіріп еңбек етті. Оның «Ақиқат алдында», «Өткірдің жүзі», «Жырыма бес», «Бес мүшел», «Шандоз сөздің шапы» әдеби сын еңбектері жарық көрді. Мәселен – әдеби шығарманың кемпілігінің алдын алып, қазақтың көркем әдебиетін олпы-солпы дүниеден сақтау еді. Міне, кәсіби сыншы Бақыт ағаны мұндай қадамға баруының өзі көзсіз ерлік. Себебі, сыныш бейтарап тұлға, біреудің көңіліне, біреудің биігіне қарау жараспайды. Уақытында заңғар жазушы Шыңғыз Айтматов шығармашылығын да сын талқысында мүше-мүшеге бөліп, жіліктен тастау шеберлігін «онай олжа» емес дер едім.

Ал, «Сенің сүйікті жазушың» сериясымен Бейбіт Майлин, Ілияс Жансүгіров туралы жинақтары,

“Нұрлан” шығармашылық портреті оқырман талғамын толтырған, көркем және ізденіс нәтижесін көрсеткен толымды туындылары. Осы орайда бір тоқталатын жайт, Қызылорда облысы әкімдігінің қолдауымен шыққан көптомдық «Сырдария кітапханасы» сериясымен қаламгердің «Көкесене» әдеби-сын кітабы жарыққа шықты. Өте сәтті шыққан туынды.

Кітаптың бұлай аталу себебі де бар. Оның туған ауылымен іргелес Көкесене бейіті тұр. Жаңақорғандық ақын Адырбек Сопыбеков айтқандай, бұл кесене Алпамыс батырдың жары Гүлбаршынға қойылған. Уақыт озған сайын тозып бара жатқан көне кесене орнына Бақыт аға тарихты тірітіп, ескерткіш тұрғызғандай болды.

Біз қаламгердің бітім-болмысын, жан сарайын түгел таныдық дей алмаймыз. Олай дейтінім, проза жарыны сөйлеткен, әдебиет сыншысы тұрғысында қалам тербеген туындыларын ғана тақымға бастық. Ал, қаламгердің өлең сөзден де сыбаға тартар ақындық дарыны бар екендігіне күмән жоқ. Демек, әлі де кемел шағында тұрған қаламгердің қолтаңбасы өз биігіне бағалана берер. Өзірге уақыт төрелігіне қалдырып, үмітті екенімдізді үкілей түсеміз.

Бақыт аға – мінезі тұйық, ал, сырласа келгенде үлкен-кішіге бірдей, жібіетей жұмсақ кейіптегі кісі. Қарапайымдылығына найза бойламайды. Әдеттегідей, атак-данқын салып, тапсырма айтқыштар «сұқмынан» емес, барынша бетегеден биік, жусаннан аласа. Ауданға келіп тұрып, ауылына апаратын көлік сұрауға жоқ, лінгенге ілесіп, көптің қатарында жүруге дағды адам. Бұл біле білгенге мәдениеттілік екенін де түсінді.

Әдебиет манайында жүрген қаламгерлер рухани бай, етек-жеңі кең келеді. Дегенмен, қаржыдан қолы қысқа, нарық заманының көшіне ілессе алмайтын тұстары болады. Өзі ашып айтпаса да, кейде қамқорлық күтеді. Жаңақорған жерінде мүмкіндігіне қарай қаламгерлерге қолдау жасаудың қажеттігін перзенттік парыз санадым. Өйткені олар халықтың адамы, ел алдында жүруге тиісті.

Реті келгенде айтқан жөн шығар, көрнекті жазушы Тынымбай Нұрмағамбетов ағаның да туған жеріне келіп, біреуге міндет артқанын,

«жағдай олай еді, жұмыс бұлай еді» дегенін естіген емеспіз. Тұйық, әрі тұңғыш ағаның талантина тәтті көп, ал қарапайымдылығына қайран қалатындар одан көп. Жазушының 70 жылдық мерейтойын атап өтуге өзіне өтініш білдіріп, ауданда бірінші рет ұйымдастырды.

Бірде ғалым Құлбек Ергобектің «Кітабы шықпаған ақын» атты мақаласы қолыма тиді. Автор жаңақорғандық ұстаздың ұзақ жылғы шығармашылығы туралы терең толғана келіп, түпкі түйінінде әліге дейін ақынның бір де бір кітабы жарыққа шықпағанын сөз еткен еді. Мұны оқыған бойда Талап стансасындағы мектептің директоры Тұрар Сүлейменов ағамызды тауып алып, қолжазбасымен таныстым. Көп ұзамай Тұрар ақынның «Жүрекке жетсе жыр өлең» атты кітабын баспадан шығардық. Ақынды көзі тірісінде қуантқанымыз да бір біткен шаруа болды.

Жаңақорған ауданында қызмет атқарған кезімде Бақыт Тұрсынұлына деген құрметімдізді қалай жеткізсек деген ой жүрді. Оның орайы өзідігінен табыла кетті. Қазақстан Жазушылар одағынан ұсыныс түсіп, біз депутаттар корпусымен ақылдаса келе қарымды қаламгер, кәсіби сыншы Бақыт Тұрсынұлы Сарбалаевқа «Жаңақорған ауданының Құрметті азаматы» атағын беру туралы шешім қабылдадық. Бұл шешімдерінің бұған дейін әдебиет әлемінде талай марапатталып, мен атақтардан кенде болмаған қаламгер құрметіне білдірген шын пейіл бағасы, әділ шешімі еді.

Рүсәлан РҮСТЕМОВ,
Қызылорда облысы
әкімінің орынбасары,
Республикалық «Айқын» газеті
12 мамыр 2017 жыл.

ҚҰАТ КӨЗІ – ОҢ БАҒЫТТА

Электрлік тар-тылыс күші бар «Формула Е» жарыс автомобили ЭКСПО-2017-нің Германиядағы павильонына қойылады. Бұл жайында бүгін баспасөз конференциясында креативті директор Андреас Хорбельт хабарлады. Оның айтуынша, тартылыс күші бар мұндай автомобильдер – жаңа көлік жасаудың таптырмас көзі болып саналады.

«Жаңғырмалы энергия көзінен қуат алатын электрлі тартылыс күшіне ие қозғалыс құралы – ауа райына зияны тиімейтін жаңа көлік жасап шығарудың таптырмас көзі». Біздің павильондарда лимузин, «Формула Е жарыс автокөлігі»



және электржетекті қос дөңгелекті көліктер қойылатын болады», – деді Андреас Хорбельт.

Сонымен қатар, Андреас Хорбельт ЭКСПО-2017 көрмесінде Германия павильонында «Болашақтың қасасына» кенінен мүмкіндік болатынын да айта кетті. Оның айтуынша, неміс павильондарында тұрғын үй мен көлік жайын жақсартуға оң шешімдер мен жанартаптар ұсынылатын көрінеді. Көрмеге келушілерге электромобильдер мен энергия алу үшін шығарынған гөрі қуат көзін көбірек бөлетін балдырлар мен көмкерілген үй-алды жикетері бар «ақылды үй де» көрсетіледі.

ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫСЫН ЖҮРГІЗДІ

Техникалық реттеу және метрология комитеті облыс бойынша департаменттің қызметкерлері «КазСтин» РМК өкілдігімен бірге «НурСтрой ЛТД» ЖШС-да болып, түсіндірме жұмысын жүргізді. «НурСтрой ЛТД» ЖШС 2005 жылы «Еңбек» АҚ базасында құрылған. Мұнда өндірістік цех жұмыс істейді. Олар – бетон темір, дайындық, электрлік, механикалық жөндеу және компрессор цехы. 2006 жылдың қыркүйек айында компания Сапа жүйесі менеджменті бойынша ИСО 9001-2001 халықаралық стандартын толық енгізді. Компанияда өндірістік-азаматтық, ауыл шаруашылығы және су шаруашылығы құрылысына арналған өнімдер шығарылады. Зауыттың жобалық қуаты – жылына 84 мың м³ темір-бетон өнімдері. Қазіргі кезде 120-дан аса темір-бетон өнімдерін шығарады.

Түсіндірме жұмысын жүргізу барысында мамандар «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» ҚР Заңы бойынша кеңестер берді.

Техникалық реттеу және метрология комитетінің облыс бойынша департаменті.

АУЫСПАЛЫ ЕГІСТІҢ ӘЛЕУЕТІ

Еліміз қабылдаған әлеуметтік-экономикалық орнықты дамуға қошу туралы ұлттық бағдарламада басымдық беретін негізгі бағыттарының бірі – ауыл шаруашылығын, әсіресе суармалы егіншілік саласын көтеру болып отыр. Демек, алдымызда Арал өңірінде суармалы егіншіліктің мәдениетін жоғары саатыға көтеріп, жалпы дамуға өзміздің қомақты үлесімдізді қосу міндеті тұр.

Мұндай күрделі істің орындалуы оңай шаруа емес. Өйтсе де, соңғы жылдары ел Президентінің осы бағыттағы саясаты мен қолдауы арқасында аймақ басшылығының тынығлықты істерінің нәтижелері Арал өңірінде әлеуметтік-экономикалық дамудың әлеуеті мықты екенін көрсетеді. Соңғы жылдары біздің облыс Қазақстан бойынша орнықты дамудың алдынгы қатарындағы озат орындардың бірін иемденуі соның айғағы.

Арал өңірінде егіншілік суармалы екені белгілі. Далалы аймақтардағы егіншілікпен салыстыратын болсақ, суармалы жермен жұмыс істеу өте қиын. Өйткені, егер пайдалану мен өнім алу тұрақты болады. Соған орай, мұнда егіншілік көпсалалы, яғни, алуан түрлі дақылдар егіледі, оның ішінде суға бастырып егетін күрші дақылды да бар. Кеңес үкіметі кезінде Арал өңірінде күрші өндірісін көбейту мақсатында суармалы жерді пайдалану инженерлік жүйеге келтіріліп, ірі көлемде суару-қашыртық жүйелері салынды, ауыспалы егістер енгізілді.

Ауыспалы егісте күрші дақылды 2 жыл қатарынан егілгеннен кейін құрғақта өсетін басқа дақылдармен алмастырылып отыруы қажет. Егер күрші бір жерде 3-5 жыл немесе одан да көп жыл бойы үзілсіз егілсе, ол таңаңтарда құрғақ шілді, доңызқа секілді арамшөптер көбейеді. Сонымен бірге, топырақта ауа-қорек-су режимдері өзгереді. Осыған сәйкес топырақтың физикалық қасиеті нашарлайды, қара шірінді, қоректік заттар мөлшері жылдан жылға азая береді.

Өңірде ұзақ жылдар бойы күрші өсірілуіне байланысты суармалы жерлерде жерасты суларының деңгейі көтеріліп, минерализациялануы артты, мелиоративтік жағдайы нашарлап, топырақтың тұздалуы күшейе түседі. Осының нәтижесінде айналымдағы 286 мың гектар жердің 129,8 мың гектарының мелиоративтік күйі нашарлап, 58,5 мың гектары қалғе жағармай айналымнан шығып қалады. Бұл үлкен проблема жоспарлы экономикадан бізге қалған жағымсыз мұра болды.

Арал өңірінің суармалы алқаптарында суару-қашыртық жүйелерін үзілсіз жұмыс істейтіндей тәртіпке келтіру, ауыспалы егістердің таңаңтарын ықшамдап, дақылдарын алмауы ретін қалпына келтіру, егілетін дақылдардың түрлерін көбейту, жерасты ыза суының деңгейін төмендету, егінді суару нормасын қатаң сақтау, тынайытқыш қолдануды агрохимиялық картограммага сәйкес жүргізу жұмыстарын кешенді орындау қажет. Ең бастысы, топырақты жасаң органикалық

затпен байытып, оның биологиялық белсенділігін күшейту болып табылады. Сонда ғана еткен еңбек, төгілген тер сапасы жоғары мол өнім түрінде қайтады. Сондықтан, әсіресе, мелиоративтік жағдайы азғындаған, қайта сорлана бастаған таңаңтарда топырақтың органикалық қорын қалпына келтіру қажеттілігі туындайды. Өрине, ғылымда дәлелденгендей, гектарына 30-40 тонна көң беру тәсілі бүгінгі таңда мүмкін болмай тұрғаны баршаға белгілі. Себебі, бұрынғыдай ірі шаруашылықтарда тиісті түрде болатын мал фермалары жоқ. Осы орайда күрші ауыспалы егісінде топырақта мол органикалық қалдықтар түзіп, оның құрамын жас тыңайтқыштармен байытатын қонжылдық шөптердің ролі орасан зор.

Суармалы жерлерде топырақты органикалық затпен байытатын маңызды фитомедиатор ретінде қолданыста жүрген бұрышақ тұқымдас дақылдың түрі екеу, олар – жонышқа мен түйежонышқа. Соңғысы кең көлемде егілмей жүр.

Түйежонышқа – 2 жылдық өсімдік. Оның ақ, сары және жонышқа тәрізді түрлері бар. Біздің өңірде қолданыста жүргені сары түйежонышқа. Мұны әмбебап дақыл десе де болады. Өйткені, диқандалдың барлық талаптарына сай келеді. Түйежонышқа жер талғамайды, әсіресе, ескірген, тұздана бастаған, құнары жоқ топырақтарда да өсе береді. Тамыры күшті, терең кетеді, тамыр түйектеріндегі бактериялар атмосфералдағы молекулалық бос азотты жинап, топырақты азотпен байытады, құнарландырады. Бойы биік, өте көп вегетативтік масса жинайды. Ол керемет белселеуі мағазығы болаалады. Бірақ, құрамындағы фитонцил, кетік-жұмарын (сары түйежонышқада оның мөлшері 1-1,1-2%) жағымсыздыз іні бар. Алғашқыда мал оны аздап жейді, кейін үйренген соң құнығып жейтін болады. Сауын малдың майлы сүті көбейеді, бойдақ мал тез семіреді. Тағы ұнамайтын ерекшелігі оратын мерзімі өткірлер кетсе, сабағы қатып, ағаштанады, жапырақтары түсіп, дәні төгіліп қалады. Оны болдырмау үшін түйежонышқа гүлдей бастағанда ору керек. Сонда сабағы жұмсақ, жапырақтары түспейді, керемет дәмді шөп береді. Оған қосымша, гектарына 300 центнерден жоғары түзетін көк балаусасын әртүрлі микробиологиялық қоспалар қосу арқылы құнарлы сүрлем жасап мал азығына пайдалануға болады. Ең бастысы, оның суы дәуірі екі-ақ жыл болғандықтан, екі жылдан кейін осы дәуірін тоқтатады да, шірі бастайды. Яғни, алғы дақыл ретінде өзінен кейін егілген тек күрші ғана емес басқа да ақ дақылдарға қажетті қорек алуына және жонышқа сияқты қабаттасып өсіп келергі жасамай, керісінше қолдайы жағдай туғызады. Керек десеніз, бұл таңаңтарда минералды тыңайтқыштар пайдаланбай-ақ, экологиялық таза өнім алуға қол жеткізуге болады.

Түйежонышканың дәні жонышканың дәнінен сәл ірілеу. Бір гектар жерге 15-18 кепі тұқым себіледі, оны 2-3 см тереңдікке тастайды. Сонымен

бірге түйежонышқа егісінде бал аралары сапалы бал жинайды. Түйежонышканы бір жылдан кейін жасыл тыңайтқышқа пайдалануға болады.

Арал өңіріне сары түйежонышканың келгені де көп уақыт болды. Алғашқы жылдары жүргізілген тәжірибеде: бірінші жылы гектарына 300-350 центнерден, ал екінші жылы 500 центнерге дейін жасаң шөп берді. Топырақтың айдау қабаттында қалған тамыр массасында гектарына 140-160 келіге дейін азот жиналғаны анықталды. Екі жылдық түйежонышканың шымын айдап, күрші екенде оның гектарлық өнімі 62 центнерден айналды. Бұл, әрине, тәуір көрсеткіш. Оның тағы бір тиімді қасиеті, оның жас өскіндері тез бойлап өсіп, арам шөптерді күртпей жібереді. Оны сідерат ретінде пайдаланғанда топырақта органикалық зат көп жиналады. Осы қасиеттері түйежонышканың егіс көлемін көбейту арқылы суармалы жерді экологиялық-мелиоративтік сауықтырып, құнарлы мәдени топырақ жасауға мүмкіндік береді.

Дегенмен, осыныша жақсы қасиеттеріне қарамайынша егіс көлемі өндірісте жоктың қасы. Олай болуының басты себебі аймақта аудандастырылған түйежонышқа сорттары шөбінің құрамында мал сүйсініп жей алмайтын құмарын қышқылы мөлшерінің жоғары болуы әсер етіп отыр.

Бүгінгі таңда түйежонышқа дақылын күрші ауыспалы егісінің жаңа үлгілеріне енгізуге қолылай жағдай туып отыр. Себебі, ел ғалымдары құрамында құмарын қышқылының мөлшері өте аз, жапырақтары түспей сақталатын, сабақтары жұмсақ, мал сүйсініп жейтін «Сарайшы» сияқты түйежонышканың сорттарын шығарды. Осы тұрғыда айта кету керек, Қазақ күрші шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының талымдары талаптарға сай түйежонышканың «Приаральский 19», «Балауса» сорттарын шығарып, өндіріске енгізе бастады.

Қорыта айтқанда, түйежонышқа дақылы, оның жаңа сорттары облыс аймағының егіс алқаптарында өз орнын тауып, өңірдің экологиялық ақуалын, ауыл шаруашылығы өндірісінің экономикасын жақсартуға ықпалын тигізетін дақыл болатынын анық деп санаймыз.

Қадірлі диқан қауымы! Аз шығын жасап, мол сапалы өнім алам десеніз, ауыспалы егістің тиімді үлгілерін игеріп, өсімдік шаруашылығын әртараптандыра отырып, түйежонышқа сияқты егіншілік мәдениетін, тиімділігін күрт өзгертетін дақылдарды өндіріске енгізуге өз үлесіңізді қосыңыз.

Э.ТОҚТАМЫСОВ,
ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, ҚР АШҒА корреспондент-мүшесі,
К.ШЕРМАҒАМБЕТОВ,
ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті, Астана «ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесіне барушы облыс тұрғындары, көрме кезінде ЭКСПО-қалашықта орналасқан тұрғын үй кешеніне орналасу мүмкіндігі «ЭКСПО-2017» ресурстық орталықтан қолыла бағала, жеңілдетермен жүзеге асырылатындығын хабарлайды.

Қызылорда облыстық прокуратурасының басшылығы мен ұжымы облыс прокурорының аға көмекшісі Кемалов Асқар Жамбылұлы әкесі

Жәміт Кемаловтың қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Облыстық ішкі саясат басқармасы мен «Сыр медиа» ЖШС ұжымы республикалық «Айқын» газетінің облыстағы меншікті тілшісі Мұна Байназарға інісі

Ержанат Байназаровтың мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Көлжан» ЖШС 2007 жылдың 28 маусымындағы №204-п «Қоршаған ортаға әсерді бағалау жүргізу жөніндегі ішкі заңдылықтың» 52-ші тармағына сәйкес «Түзкөл кен орнын пайдалану сыныма жобасының» «Қоршаған ортаға әсерін алдын ала бағалауды жобалау құжатын талқылау үшін қоғамдық пікірдің жазбалы ұсыныстары мен ескертудерін қабылдайтын хабарлайды.

Жергілікті атқарушы орган – «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы». Жауапты тұлға – Құрманәзев Айгерім, тел.8 (7242) 60-53-69.

Тапсырыс беруші – «Көлжан» ЖШС. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Қазыбек би к., 13, байланыс тел.: 8 (7242) 261053.

Жобаны әзірлеуші – ТОО «Научно Производственный Центр», байланыс тел.: 8 (7292) 303701, факс (7292) 303722.

Жоба бойынша құжаттамалар орналасқан интернет-ресурс мекенжайы – www.tabigat-e-kyzylorda.gov.kz, Тапсырысшының электрондық поштасы – Bakyt.Nur-sultan, Қызылорда қаласы, Өтпекте би к., 17 «А», тел.: 8 (7242) 29-99-74, email: Nursultan.Bakhyt@petrokazakhstan.com.

ХАБАРЛАНДЫРУ

“Қызылорда облыстық тұтынушылардың құқығын қорғау қоғамы” Қоғамдық бірлестігі облыстық ішкі саясат басқармасының тапсырысы бойынша 23.05.2017 ж. сағат 16:00-де «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мәжіліс залында, Қызылорда қ. І.І.Жақиев ж-сі, 24 (Достық үйі) мекен жайында «Қылу энергиясын жберу» тақырыбы бойынша қоғамдық тыңдау болатынын хабарлайды.

ЕСКЕ АЛЫП, АСҚА ШАҚЫРАМЫЗ

Қадірлі әке, аяулы жар Байхожин Махмұд Ибадуллаұлының өмірден озғанына да қырық күнін жузі болды.

Махмұд Ибадуллаұлы 1966 жылдың 23 шілдесінде Шиелі кентінде дүниеге келген. Орта мектепті тәмамдап, арнайы мамандық алып, аудандық селхөзхиясы мекемесінде жүргізуші, Түркістан

● ҚМУ-дың 80 жылдығы қарсаңында

ҰСТАЗЫҢА ШӘКІРТ БОЛ, ШӘКІРТІҢЕ ҰСТАЗ БОЛ

Түркі жұртының абызы Қорқыт есімін иеленген Сыр өңіріндегі білім мен ғылымның қарашырағы Қызылорда мемлекеттік университетінің есік ашқанына биыл 80 жыл толып отыр. Осы ұлағат ұясынан әр жыл сайын қаншама шәкірт үлкен өмірге қанат қағып, еліміздің даму, гүлдену жолында еңбек етіп жатыр. Ұстаз өз шәкіртінің ел игілігіне қызмет етіп, абыройлы атын шығарып жүргенін көргенде көзмайын тауысқан өз еңбегінің нәтижесін көріп марқайды.

Алдыңғы толқын ұстаз қауымының өзінің жүріп өткен жолынан өнеге алып жататын шәкірттерін мактан тұтуы заңдылық. Өмір жалғастығы, ұрпақ сабақтастығы дегеніміз – сол. Өрине, ұстаз өзінің алдынан шыққан барлық баланы шәкіртім дей алмасы анық. Олардың арасында ұстаздың жан-дүниесін ұғынып, оның әр сөзін, ісін үлгі ететін алғыр, зейінді, талапты шәкірттер бөлектеніп тұрады.

Біздің ұстазымыз академик Зейнолла Каболов: «Алдыңнан білім алған барлық адамды шәкіртім деуден аулақ болыңдар. Олар сені ұстазым деп мойындайтын болса ғана, шәкіртім деп біл» – деп отыратын. Бүгінгі әңгіме арқауы болып отырған Айман Айтбаева – біздің көңілімізге арғымақ мінгізген шәкірт.

Айман Ералықызы көпбалалы отбасында Сырдария ауданының Махамбетов (бұрынғы Киров) ауылында 1962 жылы дүниеге келген. Балаға ат қою, оны қалай тәрбиелеу бол-жам жасап, жақсы үміт күттіретін белгілі ғой. Анасы Кәділде толғатып жатқанда үйіне белгілі журналист Нұрділда Ұлиев қонаққа келген екен. Ата-анасы балаға есім қоюды ағайдан сұрайды. Өмір тәжірибесі мол журналист ағамыз нәрестеге Айман деп ат қояды. Оның екі түрлі мәні бар еді. Біріншісі, Мұхаммед Пайғамбарымыздың күтушісі, Алла елшісіне ақылды, сабырлы мінезмен ұнаған кісінің аты Айман болған. Екіншісі, «Айман-



Шолпан» жырындағы тама Маман байдан ақылды да айлалы, сабырлы да көрікті қыздарындай болсын деп ойлаған болар. Осы бір кәдірлі есімді иемдену – қазаққа жат емес екенін Нұрділда ағай: «Қыздың аты Айман, келесі жолы қыз тусан Шолпан қой, лиро-эпостық жырдағы арұлардай болып өссін», – депті. Дуалы ауыздан шыққан сөздің киесі болар, шынымен де осы шаңырақта Айман, Шолпан атты екі қыз дәл солай әдемі боп өсіп, бой жетті.

Айман орта мектепті бітірген соң комсомолдық жолдамамен сауыншы жастар бригадасында екі жыл еңбек етті. 1982 жылы Қызылордадағы М.Мәметов атындағы қыздар педагогикалық училищесіне оқуға түсіп, оны үздік дипломмен бітірген жас Н.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтының филология факультетіне оқуға түседі. Сол жылдары мен түсу емтиханында комиссия мүшесі болдым. Айманды алғаш рет сол кезде көріп, емтиханда берген жауаптарына риза болдым. Сөзі түсіп, оқуға түсіп кетсе, бағы жаңалды, жақсы студент болып, институт намысын қорғайтын болар деп ойладым.

Қайсар да білімді қыз дегеніне жетіп, студент қатарына қабылданды. Айтбаеваның өз ісіне деген құлшынысын, білімге құштарлығын

байқаған ғалымдар оны бағалап, қанаттарының астына алды. Білгір маман болып шығуына ықпал етті. Сол жылдары біздер жас оқытушы болғандықтан, оқу тобындағы ересектеу Айманмен етене жақын араласып, сырласып тұратынбыз. Ол институтты үздік бітіріп, орта мектептерде мұғалім, медициналық училищеде оқытушы қызметін атқарыпты.

А.Айтбаева 1994 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің өзін басқарып отырған «Қазақ әдебиеті» кафедрасына жұмысқа қабылданды. Талантты шәкіртіме ерекше сеніммен қарап, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің академик З.Каболов басқаратын «Қазақ әдебиеті» кафедрасындағы іргелі ғалымдармен таныстырдым. Кандидаттық диссертациясының тақырыбын бекітуде де себепші болдым. Филология ғылымдарының докторы, профессор З.Бисенғалиевтің жетекшілігімен Айман ғылыми жұмысқа кірісті. 2001 жылы кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап, елге оралды.

Көп жыл қатар жүргенде мен шәкіртімді ешнәрсеге мойымайтын, тәуекелшіл адам ретінде таныдым. Ешкімге жағынып сөйлемейтін, турашылдығы да бар. Оның көңілді сәттерінде ретімен айтылған қал-жынының өзі айналдасына ой тастайды. Айман Айтбаева ұстаздық қызметінде өмірден өз орнын таппан жан. Шәкірттерінің сүйікті ұстазы.

Ол өз күнделігінде: «Сабыр сақтаудың қажеттігі Сара Тамшыбайқызынан үйрендім. «Дана апам деймін». «Сабырлы болсаң, дұшпан сасалы, сабырсыздан береке қашады», – деп жазыптын. Өмірде қатар жүрген ақылшы ұстаздарым: «Ұлжан, Әлия, Рахия, Сара Бахтиярқызылар құрмет тұтамын» – дей келе, апаларына ризашылығын білдіреді.

Ол үнемі ізденіс үстінде жүреді, 50-ден астам ғылыми мақаланың, 1 монографияның авторы. 2011 жылы

университеттің «Үздік әдіскері», 2017 жылы «Қорқыт ата атындағы Алтын медалінің» иегері атанды. Бұған қоса, Айман оқушылардың «Дарын» ғылыми орталығында ғылыми жобаларға жетекшілік жасайды. Мәселен, 2016-2017 жылдарда оның жетекшілік еткен 2 оқушысы республикалық байқаудың жүлдегері атанып, «Күміс медальмен» марапатталды. Өркеніеттің өрісіне жетуде Айман бел-белестерден өтіп келеді.

Айман ұстаз, ғалым ғана емес, ана, сүйікті жары Мұқан екеуі Айгерім, Алмажан атты екі қыз тәрбиелеп өсірді. Қазір немере сүйді. Осының бәрін дөңкер болған – талап. Оны барлық қиындықтан алып шыққан еңбек пен ақыл. Ең бастысы, өмірге, өзіне деген сенім.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің 80 жылдық мерейтойы қарсаңында ұстаз бен шәкірт арасындағы дәстүр сабақтастығы, ой сабақтастығының жалғасын жатқанын кейінгілердің жалдына салуды пәрыз деп білдім.

Шәкірт тәрбиелеудегі шеберлігімен, білім жүйесіндегі жаңашылдығымен елімізге ғана емес, шет елдерге де танымал болған ұлағат ордасында – Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде кейінгіге қалатын өрнекті өнеге несінің бір біз айтып отырған Айман Айтбаеваның есімі екеніне дау жоқ.

Мен бүгін осы шәкіртім арқылы бізді өнеге тұтқан, берген білімдімізді бойына сіңіре білген барлық шәкіртімді алтын ұя болған білімнің ақ отауы, қарашырағы – университетіміздің мерейлі медресесімен құттықтаймын.

Мақтан тұтатын шәкірттеріңіз көп болсын.

Ұлжан ЖАНБЕРШИНЕВА,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда
мемлекеттік университетінің
профессоры, филология
ғылымдарының кандидаты.



Сөйлеу бар да, жазу бар. Сөйлегенде тілімен орақ оратып «ешпендер» жазуға жоқ, шорқақ келетінін өмірден көріп те жүрміз. Жақсы сөйлеп, шебер жазу үшін терең ой керек. Көрікті ойдан ғана көркем сөз шығады. Көркем сөзді ақ қағазға өрнектеу үшін өрине, ерекше талант керек-ақ. Ой нәрсесі болса, сөз мәнісі шығады. Ал мәнісі сөзді жазғаннан жазбай-ақ қойғаннан өз әлдеқайда жақсы.

Терең ойды тебіреніп, толғап жазуға төселген жақсы ішілеріміз бірі – профессор Қали Омаров. Суретші қандай сурет салса да, жазушы қандай жанрда не жарылық түрде шығарма жазса да, ақын кез келген өлеңінде өзін, өзінің жан дүниесін, сезім-сырларын, мінез-құлқын, дүниетанымын араластырып тұра алмайды. Ғалымдар да солай. Ғылыми мақалалар мен еңбектерде көркем шығармалардағыдай болмағанымен, ғалым бейнесі, болмысы, ұстанымы, көзқарастары мен пікірлері арқылы оның өнім тануға болады.

Қолымызда Қ.Омаровтың «Тектілер тағылымы» деп аталатын кітабы. Кең көлемді кітаптың мазмұны салмақты екен. Автор ататек жайында толғаныпты, шежіре шертті. Бұлардың біртегіс жан аңсауынан туған туындылар екені көрініп тұр. Ата-теңнің өңі түгендескен,

ҚАЛАМ ҚАҰРАТЫ

ешкім саған түгендеп бермейді. Қали сияқты азаматтар әр рудан, әулеттен шығып өздерінің тектерін түгендеп жазса, тарих содан құралады. Бұл бір жағынан жастарды тәрбиелейді. Қазақ халқының қатты ренжігенде айтатын сөзі «көргенсіз, тексіз» деген сөздердің болуы тегін емес.

Тегімізді тексеру, түгендеу, бұл – ұлттық мәселе. Қ.Омаровтың өз мақалаларында осы ұлттық мәселеге жиі баратыны, ұлтсыздықпен күресетіні маған ұнайды. Өз басынан, отбасынан асып, ел қамын, ұлт, халық жайын ойлайтындыр осы Қали тақылытес жигіттер. Бұлар қарынның қамы, дүние жинау, тиыннан тиын құрастырып баю дегендерге мойын бұрмайды. Үлкен ойлардың, армандардың жетегінде жүреді. Ал түптің түбінде халық жалынды қарынбайлар мен дүниеқоныздар емес, Қали сияқты арқалы азаматтар қалады.

Қалимен 15-20 жылдың көлемінде бірге жұмыс жасап келеміз. Ол – мінезді жігіт. Ойын, пікірін жасқанбай ашық, тура айтады. Әсіресе, ұлттық, едік мәселелерге келгенде оның дауысының басқалардан басымдық шығатынын көріп жүрміз. «Кәтегіті нағыз нар керек, біздің бұндай ұлы іске», – деп ұлы ақын Махамбет айтқандай, ұлттық, едік мәселелер төңірегінде ой айтып, пікір қалыптастыру үшін бізге иі қанбаған терідей былжырап тұратын жасықтар мен бір ұртында өзін ғана ойлайтын қулығы бар пасықтар емес, кеудесі елін сүйетін күй-қазына мен ұлы махаббатқа толы Қали тақылытес арқалы азаматтар керек. Арғымақтар аламан бәйгеде оза шауын келе жатып артындағы ілесіп келе жатқан тай-құндардың шабысына кең салады екен, қайсысы ертең орымыды басар деп ойлайтын көрінеді. Қазір дер шағында, ат арқасындағы азамат Қалидың ұлттық кәсіргісі мен болашағына, ертеңіне көп іс атқаратынына сенім мол.

Өйткені, ол – публицист жазушы

болып қалыптасып үлгерген қаламгер.

Публицистика сөзінің қазақша мағынасы уақытпен үндістік дегенге саяды. Уақыттың, қоғамның ең бір ділгір, зәру мәселелерін айтып, көтеріп жазу публицистикалық шығармалардың үлесіне тиеді. Ал Қалидың бұл саладағы мақалаларынан, очерктерінен оның қаламының төселіп қалғанын, мәселені қоя отырып өткір әрі терең ой айта алатынын байқау қиын емес. Оның: «Билер институты хабында», «Сыр өңіріндегі ағартушылық дәстүр», «1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс: жаңа деректер мен дәйектер», «Қазақ қоғамы және рухани даму мәселелері», т.б. мақалаларында қоғамның кәзіргі жағдайындағы зәру, өзекті мәселелер қойылуымен қатар, оларды шешудің міндеттері белгіленеді. Оралымды ойлар мен толымды пікірлердің айтылуы мақаланың мазмұнын жандандыра түсіп, әсер-ықпалын күшейтеді. Бұл жерде қаламгердің, публицист Қали Омаровтың қалыптасқан, әсерлі, ықпалды стилінің күзгері боламыз. Ол не жазса да барын беріп, жанын салып жазды. Оның мақалаларының, ғылыми еңбектерін оқыған кез келген адам терең танылады, санасын сергітіп, ойын жинақтайды.

Қали Омаров – эссеист-жазушы. Оның эсселерінде нәзік жүрек дірілі, адамның жан жүйесін тануды зерттік, талғампаздық, образды жазсауға келгендегі аңғарымпаздық сипаттары бірден байқалады. Қаламын ар мен ұятқа суарып отырып жазатын болғандықтан ол адамтану мен тұлғатану мәселелерінде кең көсіледі, бір ғажайып шындық пен шыншайлықты бағдарлам етіп алып, адам психологиясының, жанының, сезім-сырларының ең бір нәзік, құпиялы қатпарларын жер астынан кен іздеген кеншідей қопара қазды, табады, оның жылт еткен жақсылығына жүрегі жарыла қуанады. Бұндай қасиет екінің бірінің басында бола бермейді. Қалам ұстап,

жазып жүргендердің өзінде адамтану үстінде сирек сұғылалықпен бейне жасай алу оңай шаруа болма-ақ, Қ.Омаров эсселерінде осындай сындары сипат жетерлік. Бұған дәлел – оның «Біліс батыр – Сыр перзенті», «Қайраткер келбеті», «Ұлт руханиятының қайраткері», «Санааткер», «Ұлт қаһарманы» т.б. мақалалары, эсселері. Сыршылық сипаты, пәлсафалық тереңдігі мол осындай шығармаларды дүниеге әкелу үшін терең білімпаздық, эрудицияның биіктігі, психологиялық – бәрі-бәрі болуға тиіс болса, эссеист жазушы Қали Омаровтың болмысында бұлардың бәрі бар. Ол адамтануға келгенде адаспайды да алжаспайды. Адам бейнесін сұлу сөзбен, ыстық сезіммен, салқын ақылмен келістіріп жасайды. Ғылыми тұрғыдан ойлайтын адамдардың өз ой-пікірлерін көсіле жазуға төселгені ұлт мерейі деп ойлаймын. Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласының мағыналы мазмұнын ашу үшін де Қ.Омаров сияқты ойлы, сырлы жазатын ғалымдар, жазушылар, көсемсөзшілер керек-ақ.

Қағынан безген құландай ұлттық дәстүрдің негізінен, мәйегінен қара үзіп, қанықтан бара жатқандай ел едік, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жоғарыда аталған мақаласынан кейін әсіресе рухани салада дүр сілкінсе болатыны айдан анық. Профессор Қ.Омаровтың «Тектілер тағылымы» кітабы руханият дүниемізге қосылған қомақты үлес деп ойлаймын. Бұндай кітаптарды әсіресе, жастардың оқып, санасын сілкініп, рухын көтеруі қоғам үшін аса маңызды болмақ. Арқалы азамат Қалиға қаламың қайраттана берсін, ұлт үшін, ел үшін қызметте қажырлы күрескерлігің артта берсін демекпін.

Б.КӨРІБӨЗҰЛЫ,
Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері,
филология ғылымдарының
докторы, профессор.

«Еңбек Жолы» республикалық конкурсы

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпы Ортақ Еңбек қоғамына қарай жиналма қалам» атты бағдарламалық мақаласын іске асыру мақсатында Мемлекет басшысының 2013 жылғы 22 қарашаданғы Жарлығымен «Еңбек күні» мерекесі қарайлаңнан болатын. Осыған орай, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі «Еңбек Жолы» республикалық конкурсының басталуын жариялайды.

Конкурсқа кәсіпорындардың барлық жұмыскерлері қатыса алады.

Конкурс 3 номинациядан тұрады:

- 1) «Ең үздік еңбек әулеті» – марапаттар саны ең көп, еңбек өтілімі ең ұзақ, көп мүшелі әулет таңдалады;
- 2) «Өндірістің ең жас жұмыскері» – еңбек өтілімі 5 жылдан көбірек, өндірістің ең еңбеккер және белсенді жұмыскері таңдалады;

3) «Жұмыс істеуші жастардың ең үздік тәлімгері» – еңбек өтілімі 20 жылдан кем емес, аса тиімді тәлімгер таңдалады.

Конкурсқа қатысуға өтінімдер 2017 жылдың 20 шілдесіне дейін қабылданып, Конкурсқа құжаттар мемлекеттік немесе орыс тілінде ұсынылады.

Қажетті сұрақтармен келесі мекен-жайы бойынша хабарласуға болады: Аудандық және қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері.

Барлық ниет білдірген тұрғындардың және барлық меншік нысанындағы ұйымдардың еңбек ұжымдарын аталаған конкурсқа қатысуға шақырамыз.

Конкурсқа қатысу үшін төмендегідей құжаттар қажет:

- 1) конкурсқа қатысуға номинациясы көрсетілген өтініш;

2) төлқұжаттың көшірмесі;

3) тиісті номинациясы бойынша 1-3 минуттық бейнеролик (жұмыс орнын және қажет болған жағдайда тәжірибелерін көрсете отырып);

4) конкурсқа қатысушы туралы (Microsoft Power Point форматында) 1-3 минуттық компьютерлік презентация;

5) жұмыс берушімен рәсталанған еңбек кітапшасының көшірмесі немесе жұмыс өтілін растайтын басқа да құжаттар/жұмыс орнынан анықтама;

6) жұмыс берушіден немесе кәсіподақтан ұсыныс хат.

Қосымша төмендегідей құжаттардың болуы мүмкін

Марапаттау құжаттардың, алғыс хаттардың, құрмет грамоталарының көшірмелері, біліктілігін жоғарылату жөніндегі сертификаттар.

Құжаттар мемлекеттік немесе орыс тілінде қабылданады.

● ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОТБАСЫ КҮНІ

ЖҮЗІНЕ НҰР, ЖҮРЕГІНЕ ШУАҚ ТҮНҒАН...



Халқымызда «Отан – отбасынан басталады» деген даналық сөз бар. Шынығында, адам баласы өмірден, қоғамнан өз орнын табу үшін алдымен шаңырақ шуағын сезініп, отбасында өзіне деген сыйластық пен құрметті қалыптастыра білу керек. Себебі, отбасы дегеніміз – бір атадан өсіп-өніп, бір шаңырақ астында өркен жайып, адамның құндылықты қалыптастырып қайнар көзі десек болады. Ал әрбір отбасындағы өзара сыйластық, игілік пен ынталық, талап пен талғам, қажырлылық пен қайраткерлік, бір сөзбен айтқанда, адам бойындағы құллық рухани құндылықтар – ел бірлігіне негіз болады.

Халықаралық отбасы күні мерекесіне орай облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен қаладағы №212 мектеп-гимназиясында «Отбасы – бақыт мекені» атты мерекелік шара болып өтті. Шараға облыстық білім басқармасының басшысы Б.Сайлыбаев қатысып, жылынан қауымды мерекемен құттықтады. Сондай-ақ, Бақытжан Әбдіхалықұлы он бес баланы бауырына басып, қамқорлығына алған, үлкен жүректі ана Ақмарал Малбағароваға зор құрметін білдіріп, «Алғыс хатпен» марапаттады. Бағалы сыйлық табыс етіп, гүл шоқтарын ұсынды.

– Бүгінде біздің аймағымыз – балалар үйі жоқ бірден-бір облыс орталығы. Айталық, облыс көлемінде 973 жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған бала болса, олардың 866-сы отбасында тәрбие алады. Яғни, қорғаншылық пен қамқоршылықта 723 бала, патронаттық тәрбиеде 143 бала қамтылған. Ал жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 107 бала білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау ұйымдарында тәрбиеленуде. Бұл орайда биік адамгершілігімен, ерекше аналық махаббатымен, он бес баланы қамқорлығына алып, олардың өмірі мен болашағына зор жауапкершілік танытып отырған Ақмарал Мүсілімқызына алғыссыздық шексіз, – дейді.

Иә, расында, Ақмарал ана шаңырақ шуағын аңсаған он бес баланы жүрек жылуына бөлеп, жанары жәудірген әр ұлттың бұлдіршілерін қазакты ыстық ықылас, кең пейілмен тәрбиелеп келеді. Сол тәрбиенің жемісі болар, балалары оқуға да ынталы, өнерден де кенде емес.

Ананьң жүзінен балаларының болашағына деген қалтқысыз сенім байқалады.

Ғ.ҚОЗЫБЕКҚЫЗЫ,
Н.НҰРЖАҒБАЙ (сурет).

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Абдиллаев Әлілбек Қалмағамбетовичтің атына Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Ақтан батыр ауылындағы №190 орта мектепті 31.06.1995 жылы бітірген жөнінде берілген ОБ №0280561 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Абсадықова Тұрсынзада Абызбаеваның атына Қызылорда қаласы, «Жалғыз тап» өңірінен берілген уақытша (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді) өтеуі жер тайпалақты (жалға алу) құқығын беретін актінің (қадастрлық №10-156-076-519, №0058579 08.06.2004 ж.) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Меншік иесі:

Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қабалдау белімеі
телефоны

70-00-36

Сыр бойы

Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР

Жұматөлі ОБДІРАМАН

Қабалдау белімеі

40-02-17

Бас редактордың
орынбасары

70-00-43

Жауапты хатшы

70-00-81

Бөлімдер:

руханиет және ағарту – 70-00-84, 70-00-73

экономика – 70-00-41, 70-00-88

ауылмет және саясат – 70-00-41

жарнама – 70-00-49, 70-00-52

өспірішілер – 70-00-39, 70-00-38

заңгер – 70-00-42

компьютер орталығы – 70-00-34

корректор бөлімі

меншікті тілшілер:

Арал, Қазалы:

Жұмбет Тілішев – 8724 38 2-34-07

Шығыс, Жаңақорған:

Тілішев Елтай – 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboy@mail.ru

site: